

Нұрсәуле Тілдабаева

Бопай ханым

тарихи әңгіме

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5Қаз)-4

Т93

Тілдабаева Н.

Т93 Бопай ханым: Тарихи әңгіме. / Тілдабаева Нұрсәуле.
– Алматы: Астана-кітап, 2021. - 34 б.

ISBN 978-601-7595-49-4

Жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ халқы тарих сахнасынан жойылып кетуге сәл-ақ қалды. Сол кезде Кіші жүздің ханы Әбілқайыр қазақ халқының тағдырын түбегейлі өзгерткен шешім қабылдады. Қиын заманда оның жанынан жан жары Бопай табылды. Ол тек әйелдік міндетін атқарып қоймай, ел билігіне де араласты. Сонау қилы заманда елі мен жері үшін күрескен Бопай ханым жайлы не білеміз? Оны ұлт алдындағы жауапкершілігі қиын таңдаулар жасауға мәжбүр етті. Жасалған таңдаулардың салдары қалай болды екен? Бізбен бірге тарихтың тұңғышына сүңгі.

ӘӨЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5Қаз)-4

ISBN 978-601-7595-49-4

© Тілдабай Н., 2021
© Астана-кітап, 2021

Бопай ханым



Кешкі шай

Жәнияның жасы он бірде. Ол – төртінші сынып оқушысы. Бүгін тәрбие сағатында мұғалімі 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне байланысты қазақ тарихындағы әйгілі әйелдер жайында әңгімелер айтып берді. Жәния тәрбие сағатынан ерекше шабыттанып шықты.

Сабақ аяқталғанда оны алып кетуге әпкесі Мерей келген екен:

– Иә, Жәния, бүгін сабақта қандай қызық нәрсе оқыдыңдар? – деп сұрады әпкесі.

– Тәрбие сағатында апай мынаны айтты: бұрын тек ерлер ғана емес, әйелдер де ел басқарып, батыр болған екен. Томирис, Зарина, Домалақ ана деген сияқты мықты әйелдер болыпты тарихта, – деді Жәния тамсана.

– Ал Бопай ханым туралы білесің бе?

– Бопай?

– Иә, кезінде сондай дана әйел болған.

– Ол кісі не істеген?

– Оны қазір үйге жеткен соң, анамыз жақсылап айтып береді, – деді Мерей әпкесі Жәнияның қолынан жетектеп келе жатып.

Үйге кіре сала Жәния сөмкесін тез-тез орнына апарып, анасын іздей бастады.

– Анашы-ы-ы-м! Қайдасыз? – деп үйді басына көтерді.

Ас үйде шай ішіп отырған анасы:

– Жарығым-ау, мен мұндамын, – деді асүйден. Жәния асүйге жүгіріп кіріп:

– Анашым, сіз тарихшысыз ғой. Маған Бопай ханым жайында айтып беріңізші, – деді тағатсыздана.

Мерей де асүйге кіріп келіп:

– Сабақта қазақтың батыр, дана әйелдері туралы оқыпты. Содан бала кезімізде Бопай ханым жайында әңгімелер айтып беретініңіз есіме түсті. Соны Жәнияға өзіңіз айтып берсін дегенім ғой, – деді.

– Анашым, мен Бопай ханым деген есімді бірінші рет естіп тұрмын, – деді Жәния елеңдеп.

– Е-е-е, шырағым! Үйге асығып кіргенің осы екен ғой! Қаласандар айтып берейін, – деді анасы жүзі жарқырап.

– Ана, бірінші Бопай деген кім екенін айтып беріңізші. Ол Әбілқайыр ханның зайыбы болғаны рас па? – деді Жәния тағат таппай.

– Рас-рас, шырағым, оны Әбілқайыр хан еркелетіп Бәтима деп атаған.

– Жәния, Бопай тіпті үш бірдей ханның анасы болған, – деді әпкесі, анасының әңгімелері есіне түсіп.

– Неткен мықты әйел болған?! – деді Жәния таңғалған үстіне таңғалып.

– Жә, қыздарым! Бопай – Кіші жүздің беделді ақсақалының жалғыз қызы. Оған кішкентайынан әкесі бар білгенін үйретіп, парасатты қыз тәрбиелеуге тырысқан. Халық арасында да Бопай десе бәрі жақсы сөз айтқан екен. Оны өзіне жар қылып алғысы келетін байсұлтандар көп еді. Бірақ Әбілқайыр мен Бопайдың некесін Жәбірейіл көкте өзі қиған деседі. Сендерге екеуінің қалай танысқанын айтып берейін.

Әбілқайырмен кездесу

Бір күні Кіші жүздің әйгілі батыры Жәнібек қасына Әбілқайыр сұлтанды ертіп, сапардан қайтып бара жатады. Жол ұзаққа созылып, кеш батқанда бір ауылға түседі. Айналасына беделді, аса бай ақсүйектің ауылы екен. Батырларды ауыл иесі құдайы қонақ деп барын алдына салып күтіп алады.

Сол арада Әбілқайыр байдың үйінен Айдай сұлу қызды көреді. Жамал жүзіне бір көргеннен қайран қалып, тамсанады. Ол байдың жалғыз қызы Бопай еді. “Байдың қызымын” деп паңданып, тәкаппарлықтың тұзағына түспеген, парасатты қыз екенін бір көргеннен аңғарады.

Тынығып алған соң, Жәнібек батыр жолға дайындалады. Үй иесінің батасын алып, киіз үйден шығады. Атты ерттеп